

Ө. А. Тұрғанов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРЫМЕН ЖАСАЛЫНАТЫН ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМ ҚЫЛМЫСТАРЫН САРАЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Қазақстан Республикасында халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың жұмысы туралы және олармен жасалатын діни экстремизм мен терроризм қылмыстарын саралаудың кейбір мәселелері туралы сұрақтар қарастырылды.

Түйін сөздер: үкіметтік емес ұйымдар, дін, қылмыстық, қызмет, әрекет, террор, экстремизм, терроризм, лаңкестік, мұсылман, жарылыс жасау, өрт қою.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың саны 27000 асып барады. Үкіметтік емес ұйымдардың бірқатары әлеуметтік салалардың түрлі бағыттарында қызмет етеді. Алайда осындай Үкіметтік емес ұйымдардың кейбіреулері қоғамға қарсы әрі қауіпті әрекеттер жасау үшін құрылады. Осындай жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотымен Қазақстан Республикасының аумағында келесідей ұйымдардың қызметтерін террорлық деп танып, олардың қызмет етуіне тыйым салынған болатын:

1. «Аль-Каеда».
2. «Исламская партия Восточного Туркестана».
3. «Курдский народный Конгресс».
4. «Исламское движение Узбекистана».
5. «Асбат-аль-Ансар».
6. «Братья мусульмане».
7. «Движение Талибан».
8. «Боз Гурд».
9. «Лашкар-и-Тайба».
10. «Общество социальных реформ».
11. «Хизб-ут-Тахрир-аль-Ислами».
12. «Аум Синрикэ».
13. «Организации освобождения Восточного Туркестана».

Осы көрсетілген барлық ұйымдар шетелдердің үкіметтік емес (террорлық құрылымдар) болып табылады. Алайда Қазақстан Республикасында терроризм нақты қауіп күші ретінде қарастырылмаған, бірақ соңғы жылдары Алматы, Ақтөбе, Астана, Атырау, Тараздағы оқиғалар тізбегі Қазақстандағы экстремизм мен терроризм мәселесін тез арада өзекті қылып, қоғам үшін үлкен қауіп тудырып отыр.

Қазақстандағы экстремизм мен терроризм сөзсіз діни сипат алады деп кесіп айту — қате және әдепті емес. Бірақ, бұл жерде, тәжірибе көрсеткендей, қолайлы және тиімді болып табылатын жалған дінилік бүркемелену — «бетпердесін» пайдалану айғағы даусыз. Сонымен қатар, дінтану

саласындағы көрнекті мамандар, әрбір адам, тіптен атеист пен агностик болсын, шындығында — homo religiosus, дінге немесе оның суррогатына аса мұқтаж екендігіне сенеді¹.

Сонымен қатар, жуық арада «діни-саяси экстремизм» деген термин кең түрде халық арасына жайылды². Қазіргі заманғы экстремизм (мысалға, уаххабизм формасындағы исламдық) байыпты таралуды бастан өткізді және мұсылмандық елдер арасындағы шекараны мойындаймайтын тұтас мемлекет құруды мақсат етіп қойды. Терроризммен түйіскен діни негіздегі экстремизм өзінің идеяға берілгендігін дәлелдеу үшін өмірін құрбан етуге дайын екендігін ұсынды. Діни негіздегі экстремизмде фанатизм бар, идеологиялық және саяси мақсаттарға жету үшін, адамды өмірінен күшпен айыруын тек осындай тәсілмен ғана (абсолютті этикалық релятивизм) ақтап алуға болады. Радикалды мұсылмандық бағыттарға, «аталған аймақтарда өрши түскен: төменгі өмірлік деңгей, сыбайлас жемқорлық, жұмыссыздық, тұрғын үйдің жетіспеуі, қылмыс, некеге тұрмаған адамдар санының өсуі, этикалық нормалар мен моральдік құндылықтардың төмендеуі, некеге тұру үшін қалыңмалдан қиналушылық сияқты әлеуметтік қайшылықтарды «мұсылман радикалдар» епті пайдаланатындығы туралы тезисті³ қолдануға болатындығымен келісуге болады. Психологиялық жоспарда, дәстүрлі емес ағымдарға қызығушылық туғызатын себептердің арасынан, зерттеуші О. Копылова өмір ағымының шапшаңдығымен және ертеңгі күнге сенімсіздікпен байланысты болатын психологияға салмақ түсудің өршіп келе жатқандығымен жинақтала түсетін «сезімнің ашығу синдромын» атап көрсетеді⁴.

Көптеген діни ұйымдардың өздерінің білім беру мен оқыту орталықтары бар: медресе, жексенбілік, семинарлар, университеттер, біліктілікті көтеру институттары. Ерлер мен әйелдердің тақуа орындары (монастырьлері), монахтар ордендері еркін қызмет етеді.

1. Дін тұтудың жанама қырларынан (сақал қою, шалбардың ұзындығы, құлшылық ету сәтінде сұқ саусақты қозғалту, фотоға түсіруге тыйым салушылық, айна алдында құлшылық етуге рұқсат беру) назардың шоғырлануының неғұрлым терең және негізгі шарттарына қарай ығыстыруы. 2. Шектеулер мен тыйым салуларға шектен тыс ұмтылушылықтың орнына, байсалды тұрғының қажеттілігіне көңіл аудартуға екпін беру. 3. Діни терминдерді үстірт және шектеулі түрде түсінуден (экстремистердің түсіндірмелері адасуға апарады, мысалы, «ислам», «күпір»-сенбеушілік, «ширк»-көпқұдайлық, «иман»-сенім, «мұнафық»-екіжүзділік, «джахилидік»-білімсіздік, «жиһад»-күрес және т. б. түбегейлі ұғымдар), оларды талқылау мен бұқаралық түрде сауатты түсіндіруге өту. Өзінің барлық сәйкес келетін себептерімен, пиғылдарымен, түрткілерімен қоса алғанда діни экстремизмнің жай мәселе емес екендігі оны шешуде күрделі және жүйелілік тұрғыны талап етеді. Шешімнің кешенділігі дағдарыстың сан алуандығымен шарттасуы қажет, бірақ сауалдың іргелі мәнін түйсіну керек: діни экстремизм, алдымен, психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси өлшемдермен байланысты құбылыс.

Діни экстремизм мен терроризм туралы нақты тоқталып кететін болсақ, жаңа ғасырдың басы лаңкестіктің жаһанда өршуімен сипат алды. Нью-Йорк, Израиль, Мәскеу, Беслан, Шешенстандағы және әлемнің басқа бөлігіндегі қайғылы оқиғалардың барлығы ұқсас болып есептеледі. Қоғам үшін ауқымды мәселенің біріне адам қолымен жасалған терроризм құбылысы жатады, бұл күндері онымен күресу бүкіл әлемдік қауымдастықтың алдында тұрған ең негізгі мақсаттардың бірі болып отыр. Дәл осылайша терроризммен күрес жағдайына, халықаралық терроризммен діни экстремизм тарапынан келуі мүмкін қауіптен біздің мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы сөз еткенде бірнеше рет Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев алаңдатушылық туғызған болатын.

Біздің елімізде терроризмнің алдын алу және оның жолын кесу мәселелерін шешуге ерекше назар аударылып отыр. Терроризм құбылыс ретінде өте ертеде пайда бола отырып, әр елде өрши түсті, сөйтіп мемлекет пен қоғамға онымен күресудің тиімді жолдары мен тәсілдерін іздестіруге

мәжбүрледі. Дегенмен барлық адамзат үшін терроризм өткен мыңжылдықтың соңында ғана ауқымды мәселеге айналды. Терроризм мен экстремизмнің кез келген формада көрінуі барлық әлемдік қоғамдастыққа қауіп төндіреді, саяси, экономикалық және моральдік залалдар ала келеді, бүкіл социумға психологиялық тұрғыда теріс әсер етеді және еш жазықсыз адамдардың өміріне қаза келтіреді.

Алайда Қазақстанда лаңкестік және экстремистік әрекеттердің алдын алу, жолын кесу және анықтау бойынша заңнамалық жүйені қалыптастыру мен дамытуда елеулі жұмыстар жүргізілді. Атап өтсек, 1999 жылы шілдеде «Терроризм жайлы» қабылданған Заң республикадағы терроризммен күрестің және ұйымдастырушылықтың негіздерін анықтап, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әрекеттерін жүйелеп, сонымен қатар азаматтардың терроризммен күресуге байланысты құқықтары, міндеттерін, кепілдемелерін анықтап өтті.

Сондықтан да онымен күрес тек қана тәжірибелік негізде ғана емес, теориялық бағытта да жүргізілуі тиіс. Теориялық бағытта демекші — біз өз баяндамамызда терроризммен күрестегі теориялық бағыттың кейбір кемшіліктері мен мәселелеріне тоқталамыз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 233 бабында және Қазақстан Республикасының аумағында терроризмге қарсы күресті ұйымдастыруды реттейтін норма Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы күрес» заңында «терроризм» ұғымына берілген анықтамалар екі түрлі. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 233 бабында «терроризм» ұғымына — жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін іс-әрекеттер жасау егер осы әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс әрекетті жасаймын деп қорқыту — деген анықтама берілген, ал «Терроризмге қарсы күрес» заңында «террористік акт» ұғымына да берілген. Бірақ «терроризм» мен «террористік акт» екі түрлі ұғым болып табылғандықтан оларды ажырата білуіміз керек. Яғни, «Терроризм» деген — әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде жалпылама түрде жүретін болса, «террористік акт» нақты террористік әрекеттерді сипаттайды. Ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 233 бабы мен «Терроризмге қарсы күрес» заңы «терроризм» ұғымына екі түрлі анықтама берген. Бұны терроризм қылмысының толық зерттелмегені деп түсіну керек.

Осы мәселені зерттей келе Р.Т. Завотпаев Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 233 бабының атауын «терроризм» емес «террористік акт» деп өзгертуді ұсынған. Бұл ұсыныспен келісуге болады, себебі: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233 бабының диспозициясы тікелей террористік әрекеттерді қамтиды.

Ал Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 233 бабының 3-бөлігінің «б» тармағы «абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса» делінген. Бұл тараумен келіспеуге болады, себебі: террористік әрекеттер орын алған кезде адам өлімі абайсызда болмайды, себебі терроризмнің өзі тікелей адамның өмірін жоюға бағытталған қылмыс. Сол себепті осы тарауды алып тастаса дұрыс болады деген пікірдеміз.

Енді Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233 бабының 1-бөлігіне тоқталсақ, онда «жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы...» делінсе, дәл осы норма орыс тіліндегі редакцияда тек қана «совершение взрыва, поджога или иных действий создающих опасность гибели людей ...» деп берілген. Бұл жерде екі тілдегі ережелердің екі мағыналы екендігі байқалуда. Қазақ тіліндегі басылымда «...адамдардың қаза болуы...» делінсе, орыс тіліндегі басылымда «... создающих опасность гибели людей...» яғни бұл сөзді аударатын болсақ «адамдардың қаза болу қаупін туғызатын» деген сөз шығады. Бұл мүлдем екі түрлі мағына. Осыған байланысты қазақ тіліндегі

редакциядағы «..адамдардың қаза болуы...» сөзі жалпы ережені өзгертіп тұр. Себебі: аталған баптың 2-бөлігінің өзінде «адамдардың қаза болуы» туралы сөз жоқ, тек қана «азаматтардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіру» туралы берілген.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 233 бабының 1-бөлігіне келесідей өзгертуді енгізуді ұсынамыз: «Жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы...» деп берілген қылмыстық әрекеттері «жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болу қаупін туғызу...» деген сөзбен өзгертуді ұсынамыз.

Резюме

В работе исследуются некоторые вопросы квалификации террористических преступлений, совершаемых неправительственными организациями в Республике Казахстан.

Resume

Some questions of qualification are in-process investigated terrorist crime accomplished by ungovernmental organizations in Republic of Kazakhstan.

-
- ¹ Михельсон О. М. Элиаде. Религиозная культура и современность // Интернет: http://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Relig/Article/Mih_RelKult.php
 - ² Малашенко А. Религия — дело не частное. Заметки по конфессиональному вопросу // Независимая газета. 2001. № 46.
 - ³ Алиев А.К. Религиозно-политический экстремизм и этноконфессиональная толерантность на Северном Кавказе / А. К. Алиев, З. С. Арухов, К. М. Ханбаев; Регион. центр. этнополит. исслед. ДНЦ РАН. — М., 2007. — С. 3.
 - ⁴ Копылова О. С. Адаптационные процессы в современных поликонфессиональных обществах // Взаимоотношения религиозных конфессий в многонациональном регионе: Сб. науч. тр. — Севастополь, 2001. — С. 162.